Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Жалпы бөлім) 24-баптың, 34-баптың 5 тармағында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер» немесе «заң құжаттары» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында кодекстің толық мәтіні бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес «заңнамалық акт» деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар [4; 160].

Азаматтық кодекстің 42-бабының 6-тармағында қарастырылған «рыноғының» деген сөзді үйлесімсіз деп есептейміз. Қ. Бектаев еңбегінде «рынок» сөзі «нарық» деп аударылады [5; 637]. Тиісті өзгерістерді «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында қолдану жөн деп санаймыз [6].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің көптеген баптарында «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «адам» деп аударған, бұл азаматтық құқықтық доктринасы тұрғысынан қате болып есептеледі. Мысалы: орыс мәтіндегі: «Өкілдік» туралы 163-бапта «Сделка, совершенная одним лицом (представителем) от имени другого лица (представляемого) в силу полномочия...» деген сөйлемде «лицо» деген сөзді қазақ мәтінінде: «Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің)», яғни «лицо» деген сөзді «адам» деп аударған [3]. Негізі «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс. Сонда жоғарыдағы мәтін келесі түрде рәсімделеді: «Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің)» деп жазылса құқықтық қатынастағы субъектілер ауқымы шектеліп қалмайды. «Лицо» сөзін «адам» деп аударсақ азаматтық құқықтағы өзге де субъектілер бұл қатынастың қатысушылары бола алмайды, сол себепті «тұлға» дейтін болсақ оның құрамына жеке тұлғалар, яғни адам, сонымен қатар заңды тұлғалар, мемлекет кіреді. Бұның негізінде осы нормаларда анықталып отырған субъектілер қатары шектелмейді.

ҚР Азаматтық кодексінің 167-бабының 4-тармақшасына назар аударар болсақ, Азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «командованием соответствующих воинских частей» деген сөйлемді қазақ мәтінінде «әскери бөлімдердің командованияесі» деп қате аударған. Бұл жердегі орыс мәтіндегі «командованием» деген сөзді қазақ тіліне мүлдем аудармай кеткен [3]. Егер қазақ мәніндегі аудармасын өндер болсақ, дұрысы: «әскери бөлімдердің қолбасшылығымен» деген сөзбен аударылуы тиісті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 173-бабында «Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің басталуы» деген сөйлемінде орыс мәтіндегі «Начало срока, определяемого периодом времени» деген сөйлеміндегі «определяемого» деген сөзді «белгіленетін» деп аударған. Ал «белгіленетін» деген сөзді орыс тіліне аударар болсақ «установливаемое» деген сөз болып

аударылады. Сол себепті орыс мәтіндегі «определяемого» деген сөзді «анықталатын» деген сөзбен ауыстыру керек. Сонда жоғарыда көрсетілген 173-бап қазақ тілінде мынадай түрде жазылуы тиіс: «Уақыт кезеңімен анықталатын мерзімнің басталуы» [7; 132].

Азаматтық кодекстің «Меншік құқығы ұғымы және оның мазмұны» деп аталатын 188-бабының 1-тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі» деген сөйлеміндегі «жүктемелерімен» сөзі орыс мәтіндегі «обременениями» деген сөздің аудармасын береді. Негізінде бұл сөзді қазақшаға аударғанда «ауыртпалықтарымен» деген сөзбен аударылып, жоғарыдағы сөйлем дұрысында, яғни 188-баптың 1-тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық ауыртпалықтарымен басқа адамға беріледі», — деп көрсетілуі тиіс [7; 154].

Азаматтық кодекстің 286-бабында «Бірнеше несие беруші немесе бірнеше борышқор қатысатын міндеттеменің орындалуы» деген атауда көрсетілген «несие беруші» сөзі кодекстің әр шетінде әртүрлі сипатта көрініс табады, мысалы 286-бапта «несие беруші» деп көзделсе, «Жеке кәсіпкердің банкроттығы» деп аталатын 21-баптың 3-ші тармағында «кредитор» деп сипатталады, бұл соңы емес. Дәл осы кредитор сөзі Азаматтық кодекстің ішінде 46 рет кездеседі, ал «несие беруші» сөзі 221 рет жазылған. Егер заң шығару нормаларды қалыптастыру барысында бірізділік қағидасын ұстанбайтын болса, құқық қолдану тәжірибесіне өзінің кері ықпалын тигізери сөзсіз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің «Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы» деп аталатын 189-баптың 2-тармақшасында «Затты күтімсіз және заңсыз ұстаған адамға мүлікті күтіп ұстауға жұмсаған шығындары өтелмейді» деген сөйлемінде «күтімсіз» сөзін орыс мәтіндегі «недобросовестно» деген сөзінен аударған, ал «недобросовестно» деген орыс сөзін қазақшаға аударсақ «жосықсыз» деген сөзімен аударылған және ол Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңында «жосықсыз» деп рәсімделген [8].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 324-бабында кепілге салынған мүлікті күштеп алу салдары бабындағы «предмет» деген орыс мәтінінен тікелей сөз «нәрсе» деп аударылған. «Нәрсе» сөзін орыс тіліне аударғанда «вещь» немесе «что-то» деген аудармалар береді. Ал бұл аудармалар осы және кодекстің өзгеде жерлеріндегі қолданысына мүлдем келмейді. «Предмет» сөзінің ресми аударма сөздіктеріндегі сөзі «пәні» деп аударылады [5; 150]. Сол себепті азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі «предмет» деген сөз ресми түрде «пәні» деп аударылуы тиіс.

Осы кодекстің «Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі» туралы 322-бабында орыс мәтіндегі «неустойка» деген сөз қазақ мәтінде «айыпақы» деген сөзімен аударылған. Орнына «тұрақсыздық айыбы» — деген сөзбен аударған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі «айыпақы» сөзін орыс тіліне аударса «штраф» деген мағына береді [9].

Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің өзіне несие беруші талаптар қойған жағдайдағы құқықтары мен міндеттері» деген 333-бабында «предъявлен иск» деген орыс мәтіндегі сөзі қазақ мәтінде «қуыным» деген сөзімен аударылған, оны «талап қою» деген сөзбен ауыстырсақ заң техникасы жағынан орынды есептейміз.

Азаматтық кодекстің тағы бір жазылған емле қатесі көптеген оқытушылармен заңгерлерді толғандырып жүргені өтірік емес, ол 516-бап «Қайырмалдық». Бұл баптың орыс тіліндегі баламасының орысша нұсқасын қарайтын болсақ, ол жерде «пожертвования» деп көрсетіледі. Бұл жердегі «пожертвования» деген сөздің қазақша аудармасы «қайырымдылық» деп аударылса, біздің кодексті аударған аудармашылар «қайырмалдық» деп жаңаша атау берген екен. Енді осы «қайырмалдық» сөзін зерттеп көрейік [3]. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» Заңының 1-бабының 4-тармағында «ерікті қайырмалдық» терминіне былай деп анықтама берген: «Пайдаланушыларға олардың ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күнтізбелік жыл ішінде бір мәрте берілген, тұлғалардан түскен ақша, сондай-ақ өзге де мүлік» деп жазылған. Алайда дәл осы баптың 5-тармағында «қайырымдылық» терминіне анықтама былай деп берілген: «Қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет» деп анықталған [10]. Азаматтық кодекстің 516-бабына оралар болсақ, осы баптың 1-тармағында «Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және осы кодекстің 111 және 112-баптарында «аталған

азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалуы мүмкін» делінген екі анықтамаға да көз жүгіртсек Азаматтық кодекстің 516-бабының анықтамасына Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» Заңының 1-бабының 5-тармағындағы анықтама сай келеді. «Қайырымдылық» пен «қайырмалдық» сөздерінің арасында мағыналық тұрғысынан айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, түсіністік тұрғысынан құлаққа жағымды «қайырымдылық» сөзінің қолданылуын дұрыс деп санаймыз.

566-баптағы «Лизинг нысанасы» деген атауға келер болсақ, осы баптың орысша нұсқасына назар салсақ «Предмет лизинга» деп көрсетілген. Тікелей аударар болсақ, «лизинг пәні» деген аударманы аламыз, сонымен қоса «нысана» сөзін аударсақ «цель» немесе «форма» деген сөздер шығады. Мағынасы тұрғысынан екеуі мүлдем сәйкес келмейді. Жалпақ тілге «нысанасы» сөзі мүлдем түсініксіз, осы «нысанасы» сөзін тек ерекше бөлімнің өзінде 17 баптан 77 рет байқауға болады екен. Атап айтсақ 566, 571, 631, 719, 720, 721, 722, 723, 730, 731, 732, 871, 1108, 916, 910, 1113, 1120 баптарында жазылған. Біз түсінбеген кодекстегі сөздердің бірі 697-баптың атауы «кіре ақысы». Кіре деген сөзді түсінбей орысша нұсқасына қарасақ, ол жерде «провозная плата» яғни тікелей аударсақ «тасымалдау ақысы» деген түсінікті атауды аламыз [8]. Осы баптың 1-тармағында кіре сөзіне емес, «тасымалдау» деген сөзге анықтама береді, ендеше өзіміздің тілімізді өзіміз түсінбейтіндей етіп неге мағынасы жоқ атауларды жазамыз...

### Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мысалдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексті қарастыру барысында өте көп кездеседі. Бұндай қате кемшіліктер орын алмау үшін заңды қалыптастыру барысында заң техникасын қолдану ерекшеліктерін қолдануды жүзеге асыру қажет. Заң әдебиеттерінде заңдық техниканы жан-жақты қолданудың бірнеше бағыттары көрсетіледі:

1) құқықшығармашылықты жүйелі, сауатты, мұқият қалыптастыруда заңдық техника ережелерін сақтай отырып, заңдық олқылықтардың орын алмауына мүмкіндік беру;

2) заңдық техника көмегімен құқықтық ережелердің мәні мен мазмұнын дұрыс түсініп, оларға сәйкес келетін, қайшы келмейтін заңға тәуелді актілер шығаруға, оларды заңдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, азаматтар мен заңды тұлғаларды құқықтық қорғау тетігін пайдалану үшін негіз ретінде қолдануды жүзеге асыру;

3) заңдық техника халықаралық деңгейде әртүрлі елдердің заңнамаларын жақындастыра отырып, бірізділік қағидасын ұстану арқылы, халықаралық құқықтық ақпарат алмасу құралы ретінде қолданылады;

4) заңдық техника құқық шығармашылық пен құқық қолдану негіздерін үйрету құралы ретінде қолданылады [11; 9]. Міне осы заң техникасына қатысты жағдайларды құқықшығармашылық тәжірибесінде жан-жақты қолдансақ, қабылданатын нормалардың сапасы артатындығы орынды болады.

Егемендігіміздің отыз жылында жеткен жетістігіміздің басты белгілерінің бірі болып қоғам арасындағы қатынастардың дұрыс реттелуі болып табылады. Бұл орайда заңның алатын орны аса маңызды. Ал заң қате қалыптастырылса, онда қандай құқықтық мемлекет құру туралы әңгіме көтерілуі мүмкін. Азаматтық қатынасқа түсуші тараптар арасындағы қатынастарды реттеуші заңдар сауатсыз қалыптастырылса, тұлғаның құқықтары қаншалықты толық қорғалады.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР09259787).*

### Әдебиеттер тізімі

1 Құрманбайұлы Ш. Заңдар неге қазақша жазылмайды? [Электрондық ресурс] / Ш. Құрманбайұлы // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/55686> 12.12.2019

2 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы [Электрондық ресурс]. // Ақпараттық жүйелер. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

3 «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлімі. 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409–1 қабылданған [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

4 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [Электрондық ресурс] / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. — 2017. — № 1 (46). — Б. 155–163. — Қолжетімділік тәртібі: [http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na\\_sayt\\_vestnik\\_no\\_146-1017.pdf](http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf)

5 Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша орысша-қазақша сөздік. Большой казахско-русский, русско-казахский словарь. / Қ. Бектаев — Алматы, 1995. — 704 б.

6 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2021.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461_)

7 Заң терминдерінің сөздігі = Словарь терминов законодательства / Құраст. С.Ш. Оразалинов, М. Айымбетов, Б. Бодаубай, Ө. Ақыпбекұлы. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 832 б.

8 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2021.06.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39147530#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530#activate_doc=2)

9 Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий [Электронный ресурс] / Г.С. Сапарғалиев // Ақпараттық жүйелер. — Режим доступа: <http://online.zakon.kz/30355569>

10 «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402>

11 Апт Л.Ф. Законодательная техника / Л.Ф. Апт, Н.А. Власенко, В.В. Исаков, С.В. Кузнецов и др. / под ред. Ю.А. Тихомирова. — М.: Городец, 2000. — 272 с.

Р.А. Тоқатов, М.Т. Акимжанова

## **О точности текстов Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть) на казахском и русском языках**

Статья посвящена исследованию проблем, связанных с юридической техникой, в отношении качества переводов законодательных актов на государственный язык. Проведен анализ теоретических положений законодательной техники и текстов гражданского законодательства на государственном языке и на этом основании выявлены ошибки в переводе норм права, обобщены проблемы некачественного перевода текста законодательных актов на казахском языке, сделаны выводы по совершенствованию юридической техники при разработке законодательных актов на государственном языке. В ходе исследования выявлены реальные пробелы и противоречия в сфере гражданского законодательства, описаны случаи неправильного применения правил юридической техники. В целях повышения престижа казахского языка в законотворческой практике в государственных организациях и органах местного самоуправления авторами предложено было исключить положение о том, что русский язык официально используется наравне с казахским, а также введение унифицированного юридического терминологического словаря, содержащего упорядоченные общепринятые, единообразные и надлежаще оформленные юридические термины. Путем анализа существующих теоретических взглядов и высказанных авторами замечаний варианты правильного перевода норм права на казахский язык и пути совершенствования юридической техники по переводу текста нормативных правовых актов на казахский язык. Результаты исследования являются новыми и оригинальными, авторская позиция обоснована и представляет интерес для работников, деятельность которых связана с проведением лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке.

*Ключевые слова:* юридическая техника, гражданское законодательство, гражданское право, противоречие, система права, верховенство закона, казахский язык, Гражданский кодекс, действующее право, словарь, последовательность.

R.A. Tokatov, M.T. Akimzhanova

## **On the accuracy of the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General part) in the Kazakh and Russian languages**

The article is devoted to the study of the problems associated with legal technology in relation to the quality of translations of legislative acts into the state language. The authors analyze the theoretical provisions of legislative techniques and texts of civil legislation in the state language. On this basis, errors in the translation of legal norms are identified, the problems of poor-quality translation of the text of legislative acts in the Kazakh language are generalized, conclusions are drawn on the improvement of legal technology in the development of legislative acts in the state language. The study identified real gaps and contradictions in the field of the civil legislation, described cases of incorrect application of the rules of legal technique. In order to increase the prestige of the Kazakh language in lawmaking practice in the state organizations and local self-

government bodies, the authors propose to exclude the provision that the Russian language is officially used on an equal basis with the Kazakh language. They also propose the introduction of a unified legal terminological dictionary containing ordered, generally accepted, uniform and properly formalized legal terms. The authors, by analyzing the existing theoretical views and the comments made, offer options for the correct translation of the norms of law into the Kazakh language and ways to improve the legal technique for translating the text of regulatory legal acts into the Kazakh language. The research results are new and original, the author's position is justified and is of interest to employees whose activities are related to the linguistic examination of draft laws in the state language.

*Keywords* legal technique, civil legislation, civil law, contradiction, legal system, rule of law, Kazakh language, Civil Code, current law, dictionary, sequence.

## References

- 1 Qurmanbaiuly, Sh. Zandar nege qazaqsha zhazylymaidy? [Why laws are not written in Kazakh?]. *anatılı.kazgazeta.kz* Retrieved from <http://anatılı.kazgazeta.kz/news/55686> 12.12.2019 [in Kazakh].
- 2 «Quqyqytq aktiler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2016 zhyldyn 6 sauirdegi Zany [«On legal acts» The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No. 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi. Zhalpy bolimi. 1994 zhylygy 27 zheltoqsan No. 268-XIII; Erekshe bolimi 1999 zhylygy 1 shildedege No 409–1 qabyldangan [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Enforced by the Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994. Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part) Code of the Republic of Kazakhstan No 409 dated July 1, 1999]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_) [in Kazakh].
- 4 Ilyassova, G.A. (2017). Zannamalyq aktilderin matinin memlekettik tilge audaruga bailanysty ozekti maseleler [The urgent problems connected with the translation of the text of acts to the state language]. *Qazaqstan Respublikasy Zannama institutynyn zharshysy — Bulletin of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan. 1 (46), 155–163. ız.adilet.gov.kz*. Retrieved from [http://www.ız.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na\\_sayt\\_vestnik\\_no\\_146-1017.pdf](http://www.ız.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf) [in Kazakh].
- 5 Bektaev, Q. (1995). *Ülken qazaqsha-oryssha oryssha-qazaqsha sozdik. Bolshoi kazakhsko-russkii, russko-kazakhskii slovar [Comprehensive Kazakh-Russian Russian-Kazakh dictionary]*. Almaty [in Kazakh].
- 6 «Bagaly qagazdar rynogy turaly» 2003 zhylygy 2 shildedege No. 461-II Qazaqstan Respublikasynyn Zany (2021.01.07. berilgen özgerister men tolyqtyrularmen) [On securities market. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 2 July 2003 No. 461]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461_) [in Kazakh].
- 7 Orazalınov, S., Aiyymbetov, M., Badaubai, B., & Aqypbeküly, Ö. (Eds.). (2007). *Zan terminderinin sozdigi = Slovar terminov zakonodatelstva [Dictionary of legal terms]*. Almaty: Zheti zharғы [in Kazakh].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyn Kasipkerlik kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 29 qazandaғы № 375-V Kodeksi (2021.06.07. berilgen өзgerister men tolyqtyrularmen) [Entrepreneur Code of the Republic of Kazakhstan. The Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V ZRK]. *online.zakon.kz*. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39147530#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530#activate_doc=2) [in Kazakh].
- 9 Sapargaliev, G.S. Russko-kazakhskii slovar yuridicheskikh terminov i poniatii [Russian-Kazakh dictionary of legal terms and concepts]. *online.zakon.kz*. Retrieved from <http://online.zakon.kz/30355569> [in Russian].
- 10 Qaiyrymdylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 16 qarashadaғы Zany [About charity. Law of the Republic of Kazakhstan dated November 16, 2015 № 402-V SAM]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402> [in Kazakh].
- 11 Apt, L.F., Vlasenko, N.A., Isakov, V.B., & Kuznecov, S.V. et al. (2000). *Zakonodatelnaiia tekhnika [Legislative technique]* Yu.A. Tikhomirov (Ed.). Moscow: Gorodets [in Russian].

А.А. Нукушева\*, Д.К. Рустембекова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: akuka007@mail.ru, Scopus Author ID 57193229324,  
dinara\_226@mail.ru, Scopus Author ID 56027909500)*

## **Шет тілінен енгізілген заңдық терминологияларды азаматтық заңнамада қолдану туралы**

Азаматтық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминологияларды қолдану бүгінгі күні заң ғылымында өзекті мәселеге айналды. Зерттеу мақсаты — Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында шығу тегі бойынша шет тілдік заңдық терминологиясын пайдалануға байланысты мәселелерді зерттеу және кірме сөзден алынған заң терминологиясын қолданудың сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу болып табылады. Зерттеу барысында танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдісі, сонымен қатар жалпы, арнайы және жеке зерттеу әдістері: ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-салыстырмалы, жүйелік, нормативтік, логикалық-құқықтық және сараптамалық бағалау әдісі қолданылды. Мақалада азаматтық заңнамадағы «шет тілдік термин» және «шет тілдік терминология» ұғымдары тұжырымдалды. Жұмыста азаматтық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминологиясын қолданудың жағымды және жағымсыз жақтарына талдау жүргізілді. Талдау шет тілдік заңдық терминологиясын кірме сөзден алу ережелері заңнамалық деңгейде реттелмегенін көрсетті. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында шет тілдік заңдық терминологиясын пайдалануды реттейтін норманы бекіту ұсынылады. Келесі бір ұсыныс — кітап нұсқасында мемлекеттік және орыс тілдерінде басылып шығарылған, сондай-ақ ұлттық «Termincom.kz» сайтында орналастырылған, сөздікті әркімге қолжетімді жасау, оған мемлекеттік мәртебе беру туралы. Онда отандық нормативтік массивтің барлық ұғымдық аппараты, оның ішінде азаматтық құқық терминологиясы қамтылып, арнайы нормативтік актіде оны қалыптастыру тәртібі түсіндірілуі тиіс.

*Кілт сөздер:* шет тілінен енгізілген заңдық терминология, кірме сөзден алынған шет тілдік терминдер, шет тілдік кірме сөздер, шығу тегі бойынша шет тілдік заңдық терминология, азаматтық құқықтағы шет тілдік терминология.

### *Kіpіcne*

Жаһандану дәуірінде әлемнің құқықтық жүйелерінің өзара әсерінің нәтижесінде басқа тілдерден заң терминдерін алу процесі сөзсіз. Тұтастай алғанда, заң терминологиясын интернационалдандыру үрдісі барлық кезеңде де өзекті болды, дегенмен Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған және Қазақстан экономикасын әлемдік шаруашылыққа интеграциялау және қазіргі заманғы нарықтық заңнаманы қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілген кезден бастап ерекше көрініс бере бастады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазіргі заң терминологиясының қалыптасу көзі Рим құқығы болды, оның ерекшеліктері тұжырымның дәлдігі, оңайлығы мен айқындылығы болды. Римдік заң терминдерінің көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталған және көптеген заманауи заңнамалық жүйелердің игілігіне айналды [1]. Еуропада ұзақ уақыт бойы көптеген елдердің заң терминологиясының қалыптасуына ерекше әсер еткен заң тілі француз тілі болды. Қазіргі уақытта құқықтық терминдердің көпшілігінің шығу тегі «ағылшын және американдық». Тілдік кірме сөз алу бүкіл әлемде кең таралған құбылыс бола отырып, заң терминологиясын жаңа құқықтық терминдер және ұғымдармен байытады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанда экономикалық қатынастардың қарқынды дамуы азаматтық құқықта бұрын белгісіз институттардың пайда болуының алғышарты болды, соның салдарынан көптеген шет тілдік заң терминдерін енгізу болды. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында шығу тегі бойынша шет тіліндегі толып жатқан заң терминологиясы байқалуда. Мәселен, «аккредитив», «акцепт», «акция», «банкроттық», «бенефициар», «биржа», «брокер», «вексель», «виндикация», «кепілдік», «дилер», «борышкер», «ипотека», «консорциум»,

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akuka007@mail.ru

«кондоминиум», «келісімшарт», «лизинг», «лицензия», «негаторлық талап қою», «опцион», «оферта», «патент», «жекешелендіру», «оңалту», «рента», «своп», «сервитут», «цессия», «факторинг», «форвард», «франчайзинг», «фьючерс» сияқты терминдер еліміздің заңнамалық мәтіндеріне нық енді. Бұл азаматтық құқық терминологиясы, азаматтық заңнаманың өзі сияқты, үнемі дамып келе жатқандығымен түсіндіріледі.

Қазақстандық құқық өзге құқықтық жүйелерден тыс өмір сүрмейді, бұл құқықтық реттеудің өзара әсерін алдын ала айқындайды. Қазіргі шындық жағдайында құқықтық жүйелер оқшауланған дамуда емес, ұлттықтан жоғары және ұлттық жеке құқықты үйлестірудің интеграциялық процестері трансұлттық капиталды біріктірудің және бірыңғай нарықтарды қалыптастырудың объективті факторларымен алдын-ала анықталған. Қазақстан, сөзсіз, азаматтық заңнама негізінде Азаматтық кодексі роман-германдық құқықтық отбасына жатады [2]. Қазіргі Қазақстанның азаматтық құқығының бастауы қазақтардың әдеттегі құқығы болды. Алайда Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған сәттен бастап қазақтардың әдеттегі құқығы түбірімен жойылуға және қудалануға ұшырады, ал Қазақстан аумағында Ресей Федерациясының азаматтық заңнамасының әрекеті кең таралды [1]. XX ғасырдың 30-жылдарының соңында қазақ әдет-ғұрып құқығының нормалары ресми дереккөзден мемлекет санкцияламаған әдет-ғұрыптарға айналды [3; 12].

Ресейлік құқықтық тәжірибенің қазақстандық азаматтық құқықтың қалыптасуы мен дамуына әсерін академик М.К. Сүлейменов «Құқық жүйесі және Қазақстан заңнамасының жүйесі: жолды таңдау» мақаласында былай деп түсіндіреді: «Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қандай құқықтық отбасының шеңберінде дамуына үлкен күмән болған жоқ. Біз Ресей империясының, содан кейін Кеңес империясының құрамында ұзақ өмір сүрдік және өткенге оралу, әрине, мүмкін болмады. Сондықтан тек Қазақстан Ресейден кейін өз аумағына 1991 жылғы 31 мамырда КСР Жоғарғы Кеңесі бекіткен КСР Одағы мен республикалардың азаматтық заңнамасы негіздерінің қолданылуын таратты. Біз ТМД елдерінің Модельдік АК әзірлеуге белсенді қатыстық және оның негізінде 1994 жылғы 27 желтоқсанда ҚР Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) қабылдадық» [2]. В.П. Мозолин атап өткендей, азаматтық құқықтың дамуы «әлемнің дамыған елдерінің азаматтық және сауда құқығының дамуымен үнемі өлшенуі керек, өйткені Ресейдің азаматтық құқығы жаһандық құқық жүйелері конгломератының ажырамас бөлігі болып табылады» [4; 4]. Бұл сөз Қазақстанға да қатысты деп ойлаймыз. Сонымен бірге, құқықтың белгілі бір қоғамдағы бар мәдени құндылықтардың көрінісі болып табылатынын ескере отырып, шетелдік құқықтық тәжірибеге оңтайлы жүгіну критерийлерін айқындау маңызды. Шетелдік құқықтық тәжірибені пайдалану осы уақытқа дейін азаматтық құқық ғылымында қолданылатын терминологиядағы айырмашылықтармен байланысты [4; 7].

Бұл жерде С.С. Алексеевтің «Сондықтан белгілі бір елдің құқықтық білімінің ұлттық шектеулілігі, олардың таза ұлттық позитивтік материалға оқшаулануы, оның әр заңгер үшін маңыздылығына қарамай, сайып келгенде, құқықтану үшін ақиқат ғылым ретінде жоятын болып табылады» [4; 9], басқа тілдерден заң терминдерін алу процесі мәселесіне де қатысты. Ю.В. Тураниннің пікірінше, заң тілі феноменінің пайда болуы, «заң құрудың тактикасы мен техникасы саласында көптеген жаңалықтардың енгізілуімен, нормативтік массивтің ұлғаюымен байланысты, отандық заң шығаруда заң мәтінінің формасы мен мазмұнының маңызы едәуір артты» [5; 5]. Автор әрі қарай «азаматтық-құқықтық кеңістіктің тезаурусының негізгі, ең ақпараттық құрамдас бөлігі — заң терминологиясы деп қарастырады. Заңнамалық мәтіндегі әрбір заң термині тиісті ұғымды дәл көрсетуге бағытталған белгілі бір функцияны орындайды. Әрбір нормативтік-құқықтық акт мәтінінде заң терминологиясын қолдану сауаттылығы заңның жоғары сапасының, оның өмір сүру тұрақтылығының негізі болып табылады» деп жазады [2; 5].

Е.В. Климентьеваның шет тіліндегі кірме сөздерді алу және жаңа сөздердің пайда болу себептеріне қатысты ұстанымы қызықты болып көрінеді: 1) қоғамдық өмірде пайда болған жаңа шындықтың, жаңа заттың, жаңа ұғымның атауы ретінде (мысалы, азаматтық құқықта «акция», «рента», «концессия»); 2) қоғам өмірінде бұрын болған, бірақ тиісті белгілері болмаған құбылыстарды білдіреді (мысалы, азаматтық құқықта «оңалту», «кепілдік»); 3) жаңа сөз бұрын сөз тіркесінің көмегімен аталғандардың неғұрлым ыңғайлы белгісі болып табылады: мысалы, азаматтық құқықта дебитор — шартта немесе өзге де міндеттемеде борышқор; 4) өзгеріп жатқан қоғамдағы заттың әлеуметтік рөлінің ішінара өзгеруін атап көрсету қажеттілігі нәтижесінде туындайды: офис-кеңсе, қызметтік бөлме, банк — бұрын жинақ кассасы; 5) жаңа кірме сөздерді алу шетелдік мәдениеттің, ғылымның, техниканың ықпалына байланысты; 6) халықтық немесе жалған этимология — кірме сөздің сыртқы келбетін бұрмалау, оны тілде бұрыннан белгілі сөзге сәйкестендіру [6; 260].

Азаматтық заңнамада шет тілдік заң терминдерінің сәтті бейімделуінің мысалдары бар. Сонымен қатар, кірме сөзден алынған заң терминологиясын қолдануда да бірқатар мәселелер бар, оларға баса назар аудару қажет.

Біздің жұмысымыздың мақсаты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында шығу тегі бойынша шет тілдік заң терминологиясын пайдалануға байланысты мәселелерді зерттеу және кірме сөзден алынған заң терминологиясын қолданудың сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттер қойылды:

– «шет тілдік термині», «азаматтық заңнамадағы шет тілдік терминология» ұғымдарының анықтамасын қалыптастыру;

– азаматтық заңнамада шығу тегі бойынша шет тілдік құқықтық терминологияны қолдануға қойылатын негізгі талаптарды бөліп көрсету және негіздеу;

– қазіргі азаматтық заңнамада шет тілдік терминологияны біркелкі қолдануға қатысты мәселелерді зерттеу, негізгі проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну;

– шығу тегі бойынша шет тілдік заң терминологиясын пайдалану саласындағы қазақстандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау.

### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеуде танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдісі, сонымен қатар келесі жалпы, арнайы және жеке зерттеу әдістері: ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-салыстырмалы, жүйелік, нормативтік, логикалық-құқықтық, сараптамалық бағалау әдісі қолданылды.

### *Нәтижелер*

Жаһандану және Қазақстанның әлемдік кеңістікке интеграциялануы аясында азаматтық заңнамада шығу тегі бойынша шет тілдік заң терминологиясын ауқымды пайдалану сөзсіз. XX ғасырдың 90-шы жылдары әртүрлі құқықтық тәртіптің шетелдік азаматтық-құқықтық құрылымдарын қабылдаумен және нәтижесінде кірме сөздер терминологиясының «су тасқынымен» сипатталды. Осыған байланысты біз А.С. Пиголкиннің пікірімен келісуіміз керек деп ойлаймыз, ол құқықтық тілдің жаңаруы табиғи процесс екенін айтады [7; 100].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары, қазақстандық азаматтық құқықтың қалыптасуы мен дамуы кезеңінде терминологияның қалыптасуына негізінен рим, неміс және француз құқықтары ықпал етті. Соңғы жылдары ағылшын-американдық құқық тарапынан, әсіресе корпоративтік және шарттық құқық саласында қазақстандық құқыққа ықпалы елеулі болды. Қазіргі уақытта ұлттық құқықтық жүйелердегі біріздендірудің негізін қалыптастыратын халықаралық актілер де қазақстандық құқық қатысатын құқықтық жүйелердің өзара ықпалының негізі болып табылады.

Кірме сөзден алынған заң терминологиясын пайдалану процесінде туындайтын проблемалар бірінші кезекте халықаралық болып табылатынын атап өткен жөн. Осы салада ғылыми зерттеулер біртіндеп жүргізілді, ТМД-ның көптеген елдерінде заңнама деңгейінде бұл мәселені нормативтік-құқықтық реттеу жоқ. Іс жүзінде, азаматтық заңнамада шығу тегі бойынша шет тілдік заң терминологиясын пайдалану саласындағы Қазақстан заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясынан [8], «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңынан [9], «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 Қаулысынан [10] және Қазақстан Республикасының Заңнама институты әзірлеген нормативтік құқықтық актілерді рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымнан тұрады [11]. Біздің ойымызша, «Құқықтық актілер туралы» Заңында шет тілдік заң терминологиясын пайдалануды реттейтін норманы бекіту керек. «Termincom.kz» сайты базасында терминологияның жай-күйі мен термин жасаудың негізгі қағидаттары туралы жұртшылықты хабардар ететін электрондық алаң іске қосылды [12]. Терминдерді халықпен талқылау үшін ашық электронды алаң құрылды. Ұлттық терминологиялық комиссия жанынан 18 салалық терминологиялық секция құрылды.

Шет тілдік заң терминологиясын азаматтық заңнамада қолдануды талдай отырып, жағымды және жағымсыз жақтарды бөліп көрсетуге болады.

Әртүрлі бағыттағы заманауи ғалымдар, тұтастай алғанда, келесі жағдайларды жағымды жақтар ретінде бөліп көрсетуге келіседі:

– заң тілінің жаңа терминдермен баюы. Заң тілі — нақты, дамып келе жатқан тіл. Ол қоғаммен бірге өмір сүреді және дамиды, онда кейбір қатынастар «кетеді», ал басқалары пайда болады [13; 304]. Көптеген шет тілдік терминдерінің орыс және қазақ тілдерінде синонимдері жоқ, бұл оларды алмастырылмайтын етеді.

– «күрделі құқықтық құбылыстарды бір сөзбен белгілеуге, сол арқылы заң мәтіндерін оңайлатуға және құқықтық мәселенің, құжаттың, шешімнің, мақаланың мағынасын түсіну мен қабылдауды жеңілдетуге» мүмкіндік беретін тіл үнемдеу қағидатын тиімді қолдану [14; 705]. Тілді үнемдеу ресми құжатты қажетсіз тіркестермен жаппай және мазмұнды жеңілдетіп, заң мәселесінің мәнін нақты және қысқаша баяндауға мүмкіндік береді [15; 76]. Бұл келісуге тұрарлық, өйткені кірме сөзден алынған терминдер белгісіздік пен түсініксіздікті болдырмауға, заң шығарушының «ойының» бұрмалануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Шығу тегі шет елдік заң терминологиясын қолданудың барлық жағымды жақтарымен келісе отырып, сонымен бірге бірқатар мәселелерді, олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1. Заңнамалық мәтіннің ғылымилығын көрсетіп, оған қосымша «салмақтық» беру [16; 252]. Біз автордың бұл тенденция заң шығарушы үшін де, заңды дұрыс қолдануға мүдделі адамдар үшін де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін деген көзқарасымен бөлісеміз [16; 252]. Қазақстан Республикасының Заңнама институты әзірлеген ұсынымдардың бірі «құқықтық актіде қолданылатын тұжырымдар мен терминдердің дәлдігі мен айқындылығы». Бұл талап құқықтық актіні әзірлеушінің идеясы, ойы және оларды акт мәтнінде іске асыру арасында барынша сәйкестікке қол жеткізу болып табылады. Құқық нормалары элементтерінің көрінісі болып табылмайтын және олармен байланысты емес кез келген нәрсе құқық нормаларын түсінуді және қолдануды қиындатады немесе мәтін құру логикасын бұзады, жойылуға тиіс [11; 8].

2. Шет елдік заң терминін неғұрлым түсінікті отандық термин болған кезде қолдану [17, 13; 305]. Біздің ойымызша, шет тілдік заң терминологиясын шет елде пайдалануды құқықтық реттеу тәжірибесін мұқият зерделеп, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу жөніндегі жұмысты бастау керек.

3. Шет елдік заң терминін дұрыс емес түсіндіруде қолдану [18; 4]. Біздің ойымызша, заң мәтнінде қолданылатын әрбір дефиницияға осы терминнің нақты дәл түсіндірілуі расталуы тиіс. Шынында да, шет елдік шығу тегіне байланысты жаңа, тіпті одан да белгісіз сөздерді қолдану пайдаланушының осы терминнің мазмұнының жаңалығымен немесе күрделілігімен алдын ала анықталатын ұғымның мағынасын *түсінбеуіне әкеледі*. Сондықтан шет тілдік заң терминін қолдануда қате түсіндіруді болдырмау керек.

А.С. Пиголкин заң шығарудың алғашқы кезеңдерінен бастап шетелдік терминологиямен тұрақты жұмыс істеу қажеттілігін дұрыс айтады [7; 104].

Қазіргі ғылыми ұстанымдарды назарға ала отырып, заң терминологиясын басқа елдердің нормативтік-құқықтық актілерінен алу процесі шетелдік терминдерді Қазақстан заңнамасына «соқыр» көшіруге ұласпауы тиіс екенін атап өткіміз келеді. Біздің ойымызша, отандық құқыққа тек қажет терминдерді қабылдаған жөн. Тағы бір маңызды жағдай — кірме сөзден терминдерді барлық қазақстандық нормативтік-құқықтық актілерде олардың ана тіліндегі бастапқы нұсқасына сәйкес біркелкі қолданудың біріздендірілген тәсілінің болуы.

#### *Талқылау*

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін этимологияны және «шет тілдік терминология» ұғымының мәнін қарастыру қажет сияқты. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі мына анықтаманы береді: «шет тілдік — басқа тілге қатысты. Шет тілдік сөз (кірме сөз)» [19; 248]. Үлкен құқықтық сөздік те бұл ұғымды «шет тілдік — басқа тілге қатысты» деп түсіндіреді [20]. Термин дегеніміз [латын тілінен аударғанда шек, шекара деген ұғымды білдіреді]: 1. Сөз (немесе сөздердің тіркесімі) белгілі бір ұғымның нақты белгісі болып табылады, ғылымның, техниканың, өнердің, қоғамдық өмірдің және т.б. арнайы саласы; 2. Білімнің немесе қызметтің кез келген саласының қатаң анықталған ұғымын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі [20]. Терминология — ағылш. terminology; нем. terminologie. Ғылым, техника, өнер және т.б. салаларда қолданылатын терминдердің жиынтығы [20]. Шетелдік сөздерден кірме сөз — бұл тілде кейбір шет тілдік элемент пайда болып, бекітілетін процесс [21].

«Шет тілдік термин» белгілі бір ұғымды білімнің немесе қызметтің кез келген саласында дәл көрсететін және басқа тілден алынған сөз немесе сөздердің тіркесімі ретінде тұжырымдалуы мүмкін

сияқты. Тиісінше, азаматтық заңнамадағы шет тілдік терминология — бұл азаматтық заңдарда қолданылатын және басқа тілден алынған терминдер жиынтығы.

Кірме сөз дегеніміз белгілі тілдік құбылыс, оның мәні бір тілдің басқа тілден лингвистикалық материалды қабылдауы болып табылады [22; 49]. Мәселен, И.Г. Добродомовтың пікірінше: «кірме сөз алу — тілдік байланыстар нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауыстырылған бөтен тілдің элементі, сондай-ақ элементтердің бір тілден екінші тілге ауысу процесі» [23; 68]. Өз кезегінде, С.В. Кудряшова кірме сөз алу дегеніміз шет тілдік элементтер, ең алдымен сөздер», — деп көрсетеді [23; 68].

Әдетте, кірме сөз алудың себептері — қабылдаушы тілдің спикерлеріне әлі белгісіз шындықты белгілеу немесе тілдік құралдарды үнемдеуге деген ұмтылыстың нәтижесінде бастапқы сөз тіркесін бір лексемамен ауыстыру қажеттілігі [6; 261].

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мәтіндерінде кірме сөзден алынған заң терминологиясын белсенді пайдалануға байланысты мәселе қазіргі уақытта теориялық та, практикалық та қызығушылық тудырады. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің мәтіндерінде шет тілдік заң терминологиясын пайдалану мәселесі біздің елімізде заңнамалық деңгейде реттелмеген. Сонымен қатар, жаңа сөздер ҚР Үкіметі жанындағы республикалық терминологиялық комиссия бекіткеннен кейін ресми мәртебеге ие болады [24]. «Termincom.kz» сайты базасында терминологияның жай-күйі мен термин жасаудың негізгі қағидаттары туралы жұртшылықты хабардар ететін электрондық алаң іске қосылды. Терминдерді халықпен талқылау үшін ашық электронды алаң құрылды. Ұлттық терминологиялық комиссия жанынан 18 салалық терминологиялық секция құрылды [24]. Қазақстан Республикасының Заңнама институты әзірлеген «Нормативтік құқықтық актілерді рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы)» атты әдістемелік нұсқаулықта былай деп жазылған: «мүмкіндігінше қазақ немесе орыс тілдерінде ұқсастары болған жағдайда шет елдік сөздерді пайдаланудан аулақ болу керек. Егер ұқсас сөздер болмаса, онда қалыптасқан халықаралық ұғымды (мысалы, «франчайзинг») пайдалану керек» [11; 37].

Ұқсас жағдай бірқатар ТМД елдерінде де байқалады. Алайда, Ресейде «Ресей Федерациясының мемлекеттік тілі туралы» Федералды заңның 1-бабының 6-тармағында орыс тілінде жалпыға ортақ баламасы жоқ шетелдік сөздерді қолдануға мүмкіндік беру арқылы шетелдік терминдерді қолдану мәселесі шешілді [25]. Өзбекстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» Заңының 7-бабында «Жаңа ғылыми негізделген терминдер өзбек тіліне қоғамдық талқылаудан кейін және Олий Мажлис палаталары тиісті комитеттерінің келісімімен енгізіледі» деген ереже белгіленген [26]. Осы Ереженің мағынасын ескере отырып, Өзбекстан Республикасының тиісті органдары мақұлдаған жағдайда жана, оның ішінде шетелдік ғылыми негізделген терминдерді қолдануға жол беріледі деген қорытынды жасауға болады.

Қырғыз Республикасында нормативтік құқықтық актілерді дайындау процесінде заң терминологиясының мәселелерін талдай отырып, көбінесе қазақстандықтарға ұқсас, Т.И. Ганиева, А.Д. Урматова және Г.С. Рыспаева «әдеби орыс, қырғыз тілдерінде тиісті ұғымды белгілеу үшін қолайлы сөз болмаған кезде, белгілі бір құқықтық қатынастарды реттеу қажет болған жағдайда, әдетте, арнайы терминдер еуропалық континентальдық құқықтан алынады» деп атап көрсетті [27; 183]. Авторлардың пікірінше, бұл ереже әлемдік тәжірибеде белгіленген реттелген үйлестірілген терминологияға сәйкес құқықтық реттеуді жүзеге асыру қажеттілігімен негізделген [27; 183]. Халықаралық деңгейде терминологияның халықаралық ақпараттық орталығының (Infoterm) табысты жұмыс істеуін атап өтуге болады, оның мақсаты «терминология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау және үйлестіру» мақсатында терминологиялық ынтымақтастықты үйлестіру болып табылады [28]. Оның қызметінің негізгі бағыттары терминология, терминологиялық саясат, терминологиялық деректердің құқықтық аспектілері (авторлық құқық), құрылымдалған мазмұн теориясы мен дологиясы (терминологияның дерекқорын басқару) және терминологиялық стандарттау жөніндегі халықаралық ынтымақтастық болып табылады. Комитет құрамына Африка, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Азия және Еуропа өкілдері кіреді [28].

«Құқықтық тіл интернационалды болып табылады, — дейді лингвист Л.П. Крысин, ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін әртүрлі мемлекеттердің құқықтық формасының ұқсастығына байланысты» [29; 21]. Осыдан әлемнің құқықтық жүйелерінің өзара әсері сөзсіз кірме сөз процестеріне әкеледі деген қорытынды шығады.

Сонымен бірге, азаматтық құқықтағы шет тілдік терминологиясының көп мөлшерін ескере отырып, біздің ойымызша, осы терминологияны дұрыс қолдануға ерекше назар аудару қажет, өйткені бұл нормалардың тиімділігі жалпы терминдер мен шет тілден алынған терминдердің, атап айтқанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінде қаншалықты дәл және дұрыс қолданылатындығына байланысты.

Осыған байланысты ресейлік ғалым В.Ю. Тураниннің «заң терминдерін дәл және біржақты қолдану құқықтық нормалардың деформациясын болдырмауда маңызды рөл атқарады» деген тұжырымы өзекті болып табылады [30; 4].

Сондай-ақ, А.Д. Урматова мен Г.С. Рыспаеваның жеткіліксіз дамыған және белгісіз құқықтық ұғымдарды қолданған жағдайда мінсіз және нақты терминология туралы сөйлеу мүмкін емес деген пікірімен келісеміз [31; 319]. Құқық нормаларын ұсынудың дәлдігіне қол жеткізу оларды мақсатты іске асыруға және нәтижесінде құқықтық реттеудің тиімділігіне ықпал етеді [32; 163].

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы шет тілдік тамыры бар заң терминдеріне толы (мысалы, «акция», «ипотека», «сервитут», «факторинг» және басқалары). Осыған байланысты оны қолдану жағдайларына ерекше назар аудару қажет.

«Акция» терминін қарастырамыз (франц. action). 1. Енгізілген сомаға сәйкес істерге меншік және қатысу құқығын беретін сауда-өнеркәсіп немесе қаржы кәсіпорнының капиталына белгілі бір үлесті салу туралы құжат [20]. «Азаматтық құқық» сөздік-анықтамалығында акция (нем. Aktie; фр. Action) — акционерлік қоғам түрінде қарауында жұмыс істейтін кәсіпорынға үлестік қатысуды куәландыратын және оның пайдасының бір бөлігін дивидендтер түрінде алуға құқық беретін бағалы қағаз [33; 22]. Дивиденд (латынша dividendum – бөлінуге тиіс) — акционерлік қоғамның пайдасынан әрбір акцияға акционерлерге кезең-кезеңімен (әдетте жыл сайын) төленетін табыс [20].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 139-бабына сәйкес «Акция — акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз» [34].

«Акция» терминінің ұқсас ұғымы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 1-бабының 4-тармақшасына сәйкес, «акция — акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз» [35].

«Франчайзинг» термині (ағылш. franchise — артықшылық) деп жаңа бизнесті ашатын іскери серіктестеріне экономикалық қолдау, кез келген компаниядан артықшылықтар беру [20]. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (ерекше бөлімі) 896-баптың 1-тармағына сәйкес, «Франчайзинг» термині мынадай ұғым білдіреді: «кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақы үшін, атап айтқанда, лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты, сондай-ақ шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патентті және т.б.) пайдалану құқығын қамтитын айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен) беруге міндеттенеді» [36]. «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы № 330-ІІ Заңының 1-бабының 2-тармақшасына сәйкес, кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзинг) мынадай анықтама беріледі: айрықша құқықтар кешенінің құқық иеленушісі осы кешенді басқа тұлғаға өтемді негізде пайдалануға беретін кәсіпкерлік қызмет [37].

Көріп отырғанымыздай, «акция» терминімен салыстырғанда «франчайзинг» термині Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және «Кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы» Қазақстан Республикасының Заңында әртүрлі мазмұндалған, бірақ терминнің мәні бірдей.

Үлкен заң сөздігінде «Сервитут» (лат. servitus — міндет, міндеттеме, міндет) — біреудің затын (белгіленген шектерде) пайдалану құқығынан тұратын шектеулі заттық құқықтың ерекше түрі. Көбінесе сервитут — бөтен жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығы [20]. Сервитут (лат. servitus) — бөтен жылжымайтын мүлікті шектеулі пайдалану құқығы [33; 464]. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 195-бабының 3–1 тармағына сәйкес, бөтеннің жылжымайтын мүлкін шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (сервитут) [34]. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік

тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңының 1-бабының 24-тармақшасына сәйкес, сервитут — бөтен жер учаскесін және (немесе) жылжымайтын мүліктің басқа да объектісін шектеулі мақсатта пайдалану құқығы, оның ішінде жаяу өту, көлікпен өту, қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану және өзге де қажеттер үшін шектеулі мақсатта пайдалану құқығы [38].

«Ипотека» терминін қарастыруда (грекше hypothéke — кепіл, кепіл) ипотекалық несие деп аталатын несие алу үшін жылжымайтын мүлікті, негізінен жерді кепілге қою [20]. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде ипотека — жылжымайтын мүлік кепілі; кепілге берілетін несие [19; 251]. ҚР АҚ-нің 303-бабының 1-тармағына сәйкес, ипотека-кепілге берілген мүлік кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның иелігінде және пайдалануында қалатын кепіл түрі [34]. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының [39] 1-баптың 4-тармағына сәйкес, жылжымайтын мүлік ипотекасы (ипотека) — кепілге берілген жылжымайтын мүлік немесе ондағы үлесі кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның иелігі мен пайдалануында қалатын кепіл түрі.

Азаматтық құқықтағы жоғарыда келтірілген шет тілдік терминдерді салыстырмалы талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1) көрсетілген ұғымдардың мәнін нақты білдіретін осындай шет тіліндегі заңды терминдердің болуы;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, арнайы құқықтық актілерде, сондай-ақ сөздіктерде терминнің біркелкі дыбысталуы мен мағыналық мазмұны.

3) қазақ немесе орыс тілдерінде терминнің болмауы.

